

**Орман қоры жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты
емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру жөніндегі
облыстық арнайы комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Орал қаласы

№ 2

2025 жыл «8» желтоқсан

Төрағалық еткен: облыс әкімінің орынбасары Қ.Ш.Айтмухамбетов

Қатысқандар: тізім бойынша

Күн тәртібі:

**Ақжайық ауданы аумағында орналасқан мемлекеттік орман қорындағы
жерлерді орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар
үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру туралы**

(Айтмұхамбетов, Мулдашев)

1. Батыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы М.Мулдашевтің Қарауылтөбе ауылы аумағында орналасқан мемлекеттік орман қорындағы жерлерді орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру жөнінде ақпараты назарға алынсын;

2. Қарауылтөбе ауылы елді мекендер санатына жалпы көлемі 5 га мемлекеттік орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру көзделген;

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 18-02/45 бұйрығымен бекітілген «орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру» қағидасын басшылыққа ала отырып, құрылған арнайы комиссияның Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік орман қорындағы жалпы көлемі 5,0 гектар жер учаскелерін Қарауылтөбе ауылының маңындағы орман қоры жер учаскелерінде ауыз су ұңғымаларын орналастыру қажеттілігіне байланысты жер учаскесінің тандау актілерін және мүдделі мемлекеттік мекемелердің келісімдері бойынша басқа санаттағы жерлерге ауыстыру үшін оң қорытындысы берілсін.

Орман қорындағы 5,0 гектарда сүрек дайындалған жағдайда, оны өтініш берушімен жасалған келісім шартпен Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүргізісін және кесіп алынған сүректер Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берілсін.

Мемлекеттік орман қорын ауыстыру барысындағы өз мүддесі үшін жүзеге асыратын өтініш берушімен уәкілетті орган белгілеген тәртіппен орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасылар мен шығындардың орны толтырылсын.

Батыс Қазақстан облыс әкімінің
орынбасары, комиссия төрағасы



Айтмухамбетов
Қалияр Шадиарұлы

Батыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы, комиссия төрағасының орынбасары
Батыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бөлімі басшысының м.а., комиссия хатшысы.
Комиссия мүшелері:

Мулдашев
Марат Төлеғалиұлы

Әндіжан
Елжас Талғатұлы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты

Сағитов
Ақылбек Темірболатұлы

Батыс Қазақстан облысы жер қатынастар басқармасының бас маманы

Жұмағалиев
Наримжан Қауышұлы

Батыс Қазақстан облысы құрылыс басқармасы басшысының орынбасары

Жұмағалиев
Парасат Бауыржанұлы

Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті басшысының орынбасары

Тлегенов
Сырым Бақтығалиұлы

Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бөлімі басшысы

Турсинов
Талғат Жексенұлы

Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ директоры

Бекназаров
Тимур Тыныбекұлы